

Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы әкімдігі Қарқаралы ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қарқаралы қаласының мәдени-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Шолпан Жандарбекованың есімін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 758 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарқаралы ауданы әкімдігі Қарқаралы ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қарқаралы қаласының мәдени-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Шолпан Жандарбекованың есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов